

Мемлекеттік астық ресурстарына жеткізілетін астықтың сатып алу бағасын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 993 қаулысы

«Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 12) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Мемлекеттік сатылатын астық ресурстары үшін ҚР СТ 1046-2008 3-сыныпты жұмсақ бидайдың (*Triticum aestivum* L.) бір тоннасына 41000 (қырық бір мың) теңге (ҚҚС төлеушілер үшін) және 36607 (отыз алты мың алты жүз жеті) теңге (ҚҚС төлемейтіндер үшін) мөлшерінде сатып алу бағасы белгіленсін.

2. «Мемлекеттік астық ресурстарына жеткізілетін астықтың сатып алу бағасын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 1277 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 78, 677-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
<i>Премьер-Министрі</i>	<i>К.Мәсімов</i>	